

Қызылорда қасиеттің қалыбысың!



Бердіқожа Назгүл Бердіқожақызы 1984 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Шижаға елді мекенінде дүниеге келді. №64 орта мектепті қызыл аттестатпен бітіріп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға түсті. 2005 -2010 жылдың қыркүйегіне дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «қазақ әдебиеті және журналистика» кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарып, 2010-2011 жж. осы университеттің баспасөз хатшысы болып қызмет өтілін жасады. Сонымен қатар облыстық «Қазақстан-Қызылорда телеарнасында «Өмір-өлең» бағдарламасының жүргізушісі, әрі редакторы болып қызмет атқарды.

2008 жылғы халықаралық «Шабьт» фестивалінің 2-ші орын жүлдегері.

Республикалық Т.Ізтілеуовке арналған жыр мүшәйрасының бас жүлдегері.
Республикалық «Астана жүрек» жыр мүшәйрасының лауреаты

Республикалық «Дерияның жағасында бір қала бар» атты жыр мүшәйрасының 1-ші орын иегері.

Республикалық Шардара қаласындағы су қоймасына 50 жыл толуына орай өткізілген жыр мүшәйрасының жеңімпазы.

Республикалық Ә.Тәжібаевқа арналған жыр мүшәйрасының 2-ші орын иегері

Республикалық О.Бөкей көркемсөз оқу шебері байқауының 1-ші орын иегері

Республикалық Ж.Нәжімеденов «Тыңда дала!» көркемсөз оқу байқауының 2-ші орын иегері

Алматы қаласында өткізілген « Бір өлең- бір әлем» жыр мүшәйрасының 2-і орын иегері

Республикалық Арал күндері қарсаңында өткізілген жыр мүшәйрасының бас жүлдегері.

Республикалық «Өлең мен сені аялап өтемін» атты Ф.Оңғарсынованың 70 жылдық жыр мүшайрасының бас жүлдегері.

Республикалық Қарасаз қаласында өткен М.Мақатаевқа арналған жыр мүшәйрасының бас жүлдегері.

Облыстық «Сыр үміті» сыйлығының иегері.

2010 жылғы Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты.

Бірнеше халықаралық конференцияларға қатысты. Жас өнерлілерді тауып, халыққа көрсету мақсатында «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігін құрды.

Қызылорда қасиеттің қалыбысың!

Киелі Сыр елінің топырағы

Ол қашан тозаңы ұшып тоқырады.

Қом жолдар көкжиекке сіңіп кеткен,

Шайырлар шумағындай оқылады.

Қызылорда қасиеттің қалыбысың,

Қондырған басқа батпан бақырысын

Шам шаһары секілді шамшырағы

Жаны түнек жалғанның жарығысың.

Байлап ұстап жүргендей жанына күн,

Сорың қалың жанартау, әрі жалын.

Көркіңе көз тойымсыз көркем қалам,

Көшеңде жүріп сені сағынамын.

Шартарап төккен кезде шұғыласын,
Тотыдай түрленесін, құбыласың.
Сен деген ою салып, оқа зерлеп
Құдайым қолдан құйған құмырасың!

Ал мен ше....іздеп жүріп ізгі арманын,
Қызыңмын құлатпаған құздан жанын
Қырдан жаңа жұлынып құрметпенен
Құмыраға салынған қызғалдағың

Мен гүл едім беретін құрап шаттық,
Нәзіктікке керек қой бірақ сақтық.
Өкінбеймін қиылса құрбан жаным,
Саған бақыт сыйласам бір ақ сәттік.

Ортаймыс кеудемдегі өнер қазан
Ұшпай аман тұрғанда төбемде жан
Сыр елім жүрегімді қалам қылып
Өзіңе нүктесі жоқ өлең жазам!

**Назгүл Бердіқожа гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
«Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ-ның ғылыми қызметкері**